



Ректордың 04.05.2022 ж.
№ 6002-22-7-8/60
бұйрығымен бекітілді
Ғылыми кеңес шешімімен
келісілді
29.04.2022 ж., № 9 хаттама

«Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясы» РММ құқық және гуманитарлық ғылымдардың жекелеген салалары бойынша лекторлар пулын қалыптастыру жөнінде әдістемелік ұсынымдар

1. Осы «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясы» РММ (бұдан әрі – Академия) лекторларының пулын қалыптастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының 2021 жылғы 08 ақпандағы № 6001-21-7-4/27 өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясының 2021–2023 жылдарға арналған даму Тұжырымдамасына сәйкес әзірленді (бұдан әрі - Ұсынымдар).

2. Ұсынымдар жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру бағдарламалары бойынша сабақтар өткізу үшін лекторлар пулына кандидаттарды іріктеу өлшемшарттары мен рәсімін айқындайды.

3. Жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру бағдарламалары бойынша сабақ жүргізетін лекторлар пулына кандидаттарға қойылатын талаптар:

- 1) жоғары/жоғары оқу орнынан кейінгі білім;
- 2) оқытылатын пән бейіні бойынша өтілі немесе кәсіби тәжірибесі кемінде 7 жыл;
- 3) ғылыми және өзге де басылымдардағы жарияланымдар (бар болса);
- 4) ғылыми немесе академиялық дәрежесі, атағы (бар болса);
- 5) нормативтік құжаттардың жобаларын дайындауға және оларды талқылауға қатысу;
- 6) оқыту бейіні бойынша жекелеген мамандықтар саласындағы кәсіби дағдылар;
- 7) судьялық жұмыс тәжірибесі (бар болса).

4. Академия қажеттілігіне қарай өзінің ресми сайтында лекторлар пулына кандидаттарды қабылдау туралы хабарлайды.

5. Лекторлар пулына кандидат осы Ұсынымдардың 1-қосымшасына сәйкес сауалнаманы толтырады және оны Әкімшілік-қаржылық қызметіне хабарландыруда көрсетілген электрондық поштаға жібереді.

6. Лекторлар пулын жүргізуді және өзектендіруді Академия орталықтары директорларының ұсыныстары (ұсынымдары) негізінде Академияның Әкімшілік-қаржылық қызметінің кадрлар жөніндегі инспекторы жүзеге асырады.

7. Лекторлар пулын қалыптастыру объективтілік және ашықтық қағидаттары негізінде осы Ұсынымдардың 2-қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Лекторлар пулы Академияның Ғылыми кеңесінің отырысында қаралады және бекітіледі.

Жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру бағдарламалары бойынша сабақ жүргізетін дәріскерлер пулына кандидатқа Сауалнама

1. Тегі, аты, жөні: _____

2. Туған күні: « ____ » _____ ж.
3. Білімі туралы, біліктілігін арттыру, қайта даярлау туралы мәліметтер (қашан және қандай оқу орнын бітіргені, білімі бойынша мамандығы мен біліктілігі, біліктілігін арттыру, қайта даярлау туралы құжаттар, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, олардың берілген күні): _____

4. Атқаратын лауазымы және тағайындалған күні, біліктілік санаты (разряды): _____

5. Жалпы еңбек өтілі: _____
6. Оқытылатын пән бейіні бойынша өтілі немесе кәсіби тәжірибесі (кемінде 7 жыл): _____
7. Ғылыми және өзге де басылымдардағы жарияланымдар (бар болса): _____

8. Мемлекеттік тілді меңгеру деңгейі: _____
9. Нормативтік құжаттардың жобаларын дайындауға және оларды талқылауға қатысу: _____

10. Оқыту бейіні бойынша жекелеген мамандықтар саласында кәсіби дағдылардың болуы: _____
11. Судьялық жұмыс тәжірибесі (бар болса): _____

« ____ » _____ 20 ____ ж.

(қолы)

